



OPEN BUDGET FELLOWSHIP 2019

ЗЕРТТЕУ ТАҚЫРЫБЫ:

«БҚО Ақжайық ауданында жұмысшы кадрларды қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға бөлінген қаржының тиімділігі» (2017-2018ж.ж.)

А.ШАМАЕВА | Қазақстан, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, 2019 ж.

Бұл мақала Сорос-Қазақстан Қорының қолдауымен
"Zertteu Research Institute" ҚҚ жүзеге асырған Open
Budget Fellowship жобасының аясында жарияланды.
Жарияланым мазмұны авторлардың жеке көзқарасын
білдіреді, сәйкесінше Сорос-Қазақстан қорының көзқа-
расымен сәйкес келмеуі мүмкін.

ТЕРМИНДЕР МЕН ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ

ҚР	Қазақстан Республикасы
Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	ҚР ЕжХӘҚМ
БҚО	Батыс Қазақстан облысы
БҚО Ақжайық ауданы ХЖҚО	Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданы Халықты жұмыспен қамту орталығы
ҰЭМ	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
БҒМ	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
ЖАО	Жергілікті атқарушы органдар
ҰКП	"Атамекен" ұлттық кәсіпкерлер палатасы
ӨКП	Өңірлік кәсіпкерлер палаталары
"ЕРДО" АҚ	"Еңбек ресурстарын дамыту орталығы" акционерлік қоғамы
"Даму" КДҚ" АҚ	"Даму" кәсіпкерлікті дамыту орталығы" акционерлік қоғамы
ЖЖА	Жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктері
Білім беру ұйымдары	"Даму" кәсіпкерлікті дамыту орталығы" акционерлік қоғамы

МАЗМҰНЫ

1. Кіріспе	5
2. Зерттеу жұмысының әдістемесі.	6
3. Қазіргі жағдайды талдау.	7
4. Мемлекеттік бағдарламаға шолу.	17
5. Сауалнама, сұхбат нәтижелері:	20
5.1. Қысқа мерзімді оқыту курстарын оқып шыққан жұмыссыздармен; ...	21
5.2. «Атамекен» ҰКП маманымен;	32
5.3. Оқу орталықтарының мамандарымен.	40
6. Қорытынды мен ұсыныстар.	41
7. Пайдаланылған материалдар.	31

KІРІСПЕ

2017 жылдың 1 қаңтарында Батыс Қазақстан облысы бойынша еңбек нарығының негізгі көрсеткіштеріне келетін болсақ:

2017 жылдың 1 қаңтарында облыс бойынша жалпы халық саны – 639 000, оның ішінде экономикалық тұрғыдан белсенді халық – 336 315 адам болса, соның жұмыспен қамтылғаны – 319 986 адам, ал 16329 адам жұмыссыз. Осы кездегі облыстағы жұмыссыздық деңгейі 2017 жылдың 1 қаңтарында – 4,9% құраған^[1].

Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданына келетін болсақ – 2017 жылдың 1 қаңтарында аудан бойынша жалпы халық саны – 41 100 адам, оның ішінде экономикалық белсенді халық – 23 300 адам болса, соның жұмыспен қамтылғаны – 22 300 адам, ал 1000 адам жұмыссыз. Осы кездегі аудандағы жұмыссыздық деңгейі 2017 жылдың 1 қаңтарында – 4,3% құраған^[2].

Ақжайық ауданы бойынша 2018 жылғы еңбек нарығының негізгі индикаторлары төмендегідей: жұмыс күші–22769 адам; жұмыспен қамтылған халық – 21796 адам; жұмыссыз халық – 973 адам; жұмыссыздық деңгейі–4,3%.

Аудан бойынша 2016, 2017, 2018 жылғы жұмыссыздық көрсеткіші:

2016 жыл, адам –1011;

2017 жыл, адам – 999;

2018 жыл, адам – 973^[3].

Мемлекетіміздің басты капиталы – адам десек, капиталдың осы түрінің сапалық құрамын арттыратын - экономикалық белсенді халық көлемі. 2017 жылдың 1 қаңтарынан Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы «29» желтоқсандағы №919 қаулысымен бекітілген «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы» қабылданып, енгізілді. Бағдарламаның жұмыс жасап келе жатқанына үш жылға жуық уақыт болды, бірақ еңбек нарығындағы өзгерістер көңіл көншітпей отыр. Айта кетсек, Батыс Қазақстан облысы бойынша 2019 жылдың 1- тоқсанына жұмыссыздық деңгейі әлі де 4,9% құраса, Ақжайық ауданындағы жұмыссыздық деңгейі 4,3% құрап отыр.

Осы зерттеу жұмысы арқылы облыстың аталған ауданындағы еңбек нарығымен, күн тәртібіндегі өзекті мәселе болып отырған жұмыссыздық мәселесімен тереңінен танысып, қазіргі таңдағы жағдайға сараптама жасап, мәселенің себебін анықтап, оны шешу жолдары бойынша ұсыныстар жасақтау жоспарланған.

¹ aleumetbko.gov.kz/files/%D0%9F%D0%B0%D0%BC%D1%8F%D1%82%D0%BA%D0%B0_%D0%BF%D0%BE_%D0%BE%D1%81%D0%BD_%D0%BF%D0%BE%D0%BA%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%82%D0%B5%D0%BB%D1%8F%D0%BC-01.01.2017.pdf

² stat.gov.kz/region/253160/dynamic

³ stat.gov.kz

2. ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Зерттеу жұмысының мақсаты – қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға бөлінген қаржының тиімділігіне талдау жүргізу, бар проблемаларды анықтау, оның себептерін зерттеп, шешу жолдарын ұсыну.

Зерттеу нысаны – Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ.

Зерттеу адресаты – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

- Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ-нің 2017 – 2018 жылдарға жұмыссыздарға қысқа мерзімді кәсіптік оқыту курстарын ұйымдастыру бойынша қызметімен танысу, бағдарлама шеңберінде бөлінген қаржы, оқытылған жұмыссыздар санын, оның ішінде жұмыспен қамтылғандарының санын анықтау, алған мәліметтерге талдау жасау;
- Қысқа мерзімді кәсіптік оқыту курстарын аяқтаған жұмыссыздармен сұхбат жүргізіп, мәселенің өзектілік деңгейі мен бар проблемаларды анықтау;
- Жұмыссыздарды жұмыспен қамтамасыз ету үшін мақсатты оқыту жүргізілгенмен, мамандық алған жұмыссыздардың еңбек нарығындағы жұмыссыздық деңгейін төмендетпеуі жағдайына талдау жасау;
- Проблеманы шешу жолдары бойынша ұсыныстар жасақтау.

Зерттеу әдістері:

Зерттеу жұмысында жергілікті органдарға ресми сұраныс жіберу, қысқа мерзімді кәсіптік оқыту курстарын аяқтаған жұмыссыздармен, жергілікті органдар, оқу орталықтары мамандарымен сұхбат, сауалнама жүргізу әдістері қолданылды.

Мамандармен жүргізілген сұхбатқа «Атамекен» ҰКП БҚО филиалының маманы, облыстағы оқу орталықтарының мамандары қатысты. Мамандардың жауапкершілік деңгейіне, саласына қарай сауалнама сұрақтары алдын ала жеке-жеке әзірленіп, пайдаланылды. Сұхбат әр респондентпен электрондық поштасына алдын ала дайындалған сауалнама сұрақтарын жолдау арқылы және телефон байланысы арқылы жүргізілді.

Қысқа мерзімді кәсіптік оқыту курстарын аяқтаған жұмыссыздармен сауалнама олардың ауданның ауылдық жерлерінде тұруларына не өзге қала, облыста жұмыс жасауына байланысты телефон арқылы жүргізілді. Сауалнама сұрақтары алдын ала дайындалып, жеке-жеке өткізілді.

3. ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданындағы жұмыссыздық мәселесі - әлі күнге өзекті мәселелердің бірі. Оған «Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері» кестесінен (04.07.2019ж.) алынған мәліметтер дәлел бола алады:

Кесте 1.

Санат (млн теңге)	2016 жыл	2016 жыл	2016 жыл
Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелген тұлғалардың саны, адам	100	111	274
Жұмыссыз тұрғындар, мың адам	1,0	1,0	1,0
Жұмыссыздық деңгейі, %	4,2	4,3	4,3

Дереккөз: <http://stat.gov.kz/region/253160/dynamic/>, /Динамика по районам ЗКО - 1991-2018. Основные показатели социально-экономического развития Акжайыкского района Западно-Казахстанской области/ кестесі.

Жоғарыда көрсетілгендей аудан бойынша жұмыссыздық көрсеткіші: 2016 жыл - 1011 адам; 2017 жыл - 999 адам; 2018 жыл – 973 адам. Қысқа мерзімді кәсіптік оқыту курстарын аяқтаған жұмыссыздармен жүргізілген сауалнама барысында анықталғаны: бағдарлама қатысушылары мамандық иесі атанғанымен, жұмысқа орналасып кету мүмкіндігі төмен, яғни бағдарлама бойынша оқып, білім алып, мамандық алып шыққанмен еңбек нарығында өз орныңды табу қиын. Зерттеу жұмысына негіз ретінде Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ алынды. Аталған мекемеден алынған жауаптар негізінде анықталған жағдайларға тоқталсақ.

**Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданы әкімдігінің
«Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ ғимараты Ақжайық ауданы Чапаев ауылы**



Осы саладағы қазіргі ахуалды анықтау, қазіргі жағдаймен танысу, ақпарат алу мақсатында БҚО Ақжайық ауданы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ директоры Б.Ғ.Ержанованың атына 17.06.2019 жылы барлығы 13 сауалды қамтыған сұраныс хат жолданды (кіріс №134 18.06.2019 ж.). Аталған сұраныс хатқа БҚО Ақжайық ауданы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ 10.07.2019 жылы №141 жауап хат жолдады. Хаттағы мәліметтерді талдайтын болсақ:

**БҚО Ақжайық ауданы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы»
КММ директоры Б.Ғ.Ержанованың атына жолданған хаттың жауабына талдау**

Кесте 2.

№	Сұрақ	Жауап	Ескерту
1.	Ақжайық ауданында жоғарыда аталған бағдарлама бойынша қаржы бюджеттің қай түрінен бөлінеді?	Бағдарлама аясында облыстық бюджеттен қаражат бөлінеді.	
2.	2017, 2018 жылдарға осы бағдарлама бойынша ауданға көзделген қаржы көлемі және нақты бөлінген қаржының көлемі?	—	Жауап берілмеген.
3.	Бағдарлама бойынша жұмыссыздарды оқыту қызметін орындаушыларды анықтау тәртібі қандай?	Оқыту қызметі облыстық өңірлік комиссияның бекітуімен арнайы тізбеге сәйкес көрсетіледі.	
4.	Бағдарлама бойынша оқыту қызметін көрсететін орындаушылар тізімі?		Орындаушылар тізімі жалғанбаған.
5.	Бағдарлама бойынша оқыту қызметін көрсететін орындаушылар тізімі?	— Әр жылдың соңында алдағы жылға қажеттілікті жинақтау үшін ауыл әкімдеріне ұсынба хат жолданады және мекеме кәсіпорындарына жетіспейтін мамандықтардың тізбесі анықталады.	Жауап толық емес.
6.	Осы бағдарлама бойынша жұмыссыздарды оқыту мүмкіндігі туралы, оқу үшін қалай тіркелу қажет, тәртібі қандай, басқа да қандай шарттары бар? Осы туралы ақпаратты Ақжайық ауданының тұрғындары, жұмыссыздар қайдан алады, ақпарат көзі қандай?	Бағдарлама туралы ақпаратты жұмыссыздар өздерінің тұрғылықты жерінің ауылдық округ әкімшілігінен ала алады.	Орындаушылар тізімі жалғанбаған.
7.	Бағдарлама бойынша шәкіртақы, тұру орыны, тамақтану және жол шығындарын өтеу қарастырылған ба?	Шәкіртақы – 16 759 теңге; Пәтерақы – 5 АЕК (12625 теңге); Жол шығыны – 4 АЕК (10100 теңге).	Қарастырылған.
8.	2017, 2018 жылдарға аудандағы тіркелген жұмыссыздар саны?	2017 жыл – 540 адам; 2018 жыл – 621 адам.	

№2 кестенің жалғасы келесі бетте:

Кесте 2. (жалғасы)

№	Сұрақ	Жауап	Ескерту
9.	2017, 2018 жылдарға ауданнан оқуға жолданған жұмыссыздар саны?	2017 жыл – 273 адам; 2018 жыл – 156 адам.	
10.	2017, 2018 жылдарға ауданнан оқуға жолданған жұмыссыздардың оқуды аяқтап кәсіби біліктілік алған оқушылар саны?	2017 жыл – 273 адам; 2018 жыл – 156 адам.	
11.	2017, 2018 жылдарға ауданда кәсіби біліктілік алған мамандардың жұмыспен қамтылғанының саны?	2017 жыл – 78 адам; 2018 жыл – 92 адам	
12.	Бағдарлама бойынша оқуға жолдау кезінде мамандықтарды таңдау талабы қандай?	Еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарға сәйкес оқытылады.	
13.	Аудан бойынша сұранысқа ие мамандықтар тізімі?	Аспаз, дәнекерлеуші, оператор-бағдарламашы, электромонтер, іс-қағаз жүргізуші, шаштараз, жылыту жүйесінің операторы.	

Халықты жұмыспен қамту орталығынан (бұдан әрі - Орталық) алынған жауапқа сәйкес 2017, 2018 жылдарға осы бағдарлама бойынша ауданға көзделген қаржы көлемі және нақты бөлінген қаржының көлемі туралы мәлімет берілмеді. Аудан орталығы Чапаев ауылындағы ХЖҚ орталығына 2019 жылдың 26 шілдесінде аяқтай барып, Орталық басшысымен жүзбе-жүз кездесу кезіндегі аталған жылдарға бөлінген және игерілген қаржы көлемі туралы қойған сұрағым жауапсыз қалды. Орталық басшысы нақты жауапты бере алмау себебін Орталықта *бухгалтердің тұрақтамайтынымен, қазіргі уақытта да бухгалтерсіз жұмыс жасап отырғанымен, жаңа қызметкердің қашан алынатыны белгісіз екендігімен түсіндірді.*

Ал Ақжайық ауданы әкімдігінің сайтында берілген мәлімет бойынша жалпылама түрде 2017 жылы «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған» бағдарламасын жүзеге асыруға ауданға 144,9 млн тенге қаражат бөлінді, жыл соңына 144,8 млн теңгесі, немесе 99,9% игерілгенін көре аламыз^[4].

Бағдарлама бойынша жұмыссыздарды оқуға жолдау тәртібі қандай деген сауалға «әр жылдың соңында алдағы жылға қажеттілікті жинақтау үшін ауыл әкімдеріне ұсыныс хат жолданады және мекеме кәсіпорындарына жетіспейтін мамандықтардың тізбесі анықталады» деген жауап ұсынылды. Жауап толық емес деп есептеймін. Яғни, оқытуға қажетті мамандықтар әкімдіктердің, еңбек нарығындағы

⁴ akzhaik-bko.gov.kz/kz/2018-12-19-07-45-41/2018-12-19-07-51-43

мамандыққа сұраныс кәсіпорындардың ұсынған мәліметтері негізінде жасақталады. Жұмыссыздарды жолдау тәртібі туралы ештеңе айтылмаған.

Осы бағдарлама бойынша жұмыссыздарды оқыту мүмкіндігі туралы, оқу үшін қалай тіркелу қажет, тәртібі қандай, басқа да қандай шарттары бар, осы туралы ақпаратты Ақжайық ауданының тұрғындары, жұмыссыздар қайдан алады, ақпарат көзі жайында Орталық «жұмыссыздар бағдарлама туралы ақпаратты өздерінің тұрғылықты жерінің ауылдық округ әкімшілігінен ала алады» деген жауап берді. Басқа ақпарат көздері туралы еш мәлімет жоқ, осыдан ақпараттық қамтамасыз ету деңгейі төмен деген қорытынды жасауға болады.

Алынған жауаптың негізінде бағдарламада айтылғандай шәкіртақы, тұру орыны, тамақтану және жол шығындарын өтеу қарастырылғаны туралы білеміз, көлемі келесідей: шәкіртақы – 16 759 теңге; пәтерақы – 5 АЕК (12625 теңге); жол шығыны – 4 АЕК (10100 теңге).

Аудандағы жұмыссыздық бойынша есептік ақпаратқа келсек: тіркелген жұмыссыздар саны: 2017 жыл – 540 адам; 2018 жыл – 621 адам. Оқуға жолданған жұмыссыздар саны: 2017 жыл – 273 адам; 2018 жыл – 156 адам. Оқуға жолданған жұмыссыздардың оқуды аяқтап, кәсіби біліктілік алған оқушылар саны: 2017 жыл – 273 адам; 2018 жыл – 156 адам. Кәсіби біліктілік алған мамандардың жұмыспен қамтылғанының саны: 2017 жыл – 78 адам, 2018 жыл – 92 адам. 2017, 2018 жылдарға аудан бойынша тіркелген жұмыссыздар саны жөніндегі Орталықтың берген мәліметі БҚО статистика басқармасының 2017, 2018 жылдарға жұмыссыздық көрсеткіші туралы мәліметімен сәйкес келмейді.

Бағдарлама бойынша оқуға жолдау кезінде мамандықтарды таңдау талабына қатысты «еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарға сәйкес оқытылады» деген жауап берілді, сәйкесінше аудан бойынша сұранысқа ие мамандықтар тізімі келесідей: аспаз, дәнекерлеуші, оператор-бағдарламашы, электромонтер, іс-қағаз жүргізуші, шаштараз, жылыту жүйесінің операторы.

10 шілдеде алған жауап хаттың мазмұнында қаржыға және орындаушыларға қатысты мәліметтің толық берілмеуіне байланысты Орталыққа 17.07.2019 жылы қосымша ақпарат алу мақсатында екінші қайтара хат жолданған болатын. Хатта қойылған сұрақтар төмендегідей:

**БҚО Ақжайық ауданы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы»
КММ директоры Б.Ғ.Ержанованың атына жолданған хаттың жауабына талдау**

Кесте 3.

№	Сұрақ	Жауап	Ескерту
1.	2017, 2018 жылдарға осы бағдарлама бойынша ауданға көзделген қаржы көлемі және нақты бөлінген қаржының көлемі?	—	Жауап берілмеді.
2.	Бағдарлама бойынша оқыту қызметін көрсететін орындаушылар тізімі (оқу орталықтарының тізімі)?	+	Жауап қолма-қол берілді. Қанағаттанарлық.

№3 кестенің жалғасы келесі бетте:

Кесте 3. (жалғасы)

№	Сұрақ	Жауап	Ескерту
3.	Бағдарлама бойынша жұмыссыздарды оқуға жолдау тәртібі қандай? (Алдыңғы жауап: Әр жылдың соңында алдағы жылға қажеттілікті жинақтау үшін ауыл әкімдеріне ұсынба хат жолданады және мекеме, кәсіпорындардан жетіспейтін мамандықтардың тізбесі анықталады. Яғни, түсінуімше ауыл әкімдері оқыту қажет жұмыссыздар тізімін ұсынады не мамандықтар тізімін ұсынады. Кәсіпорындар жетіспейтін мамандықтар тізімін ұсынады. Нәтижесінде тіркеудегі жұмыссыздар осы ауыл әкімдері және кәсіпорындар ұсынған тізімнің негізінде оқуға жолданады ма?	+	Ауызша жауап берілді. Толық емес.
4.	Осы бағдарлама бойынша Ақжайық ауданының тұрғындарына сайттарда, әлеуметтік желі парақшаларында немесе БАҚ құралдарында ақпарат көзі бар ма? Болса қандай ресурстарда?	+	Ауызша жауап берілді. Толық емес.
5.	Ақжайық ауданынан осы бағдарлама бойынша қысқа мерзімді курстарды оқып шыққан 2017, 2018 жылдардағы түлектердің арасынан әр жылға 5-6 адамның аты-жөні мен телефон нөмірлері.	+	Жауап қолма-қол берілді. Қанағаттанарлық.

Алайда 26 шілде күні ХЖҚ орталығына аяқтай барған кезде ол хаттың әлі тіркелмегені анықталды. Аталған хатқа сол күні, яғни 26.07.2019 жылы №141 кіріс белгісі қойылды. Бірақ, әлі күнге дейін ол хатқа жазбаша жауап келмеді. Сол уақыттағы алынған жауаптарға келсек, қаржыға қатысты сауал жауапсыз қалды. Бағдарлама бойынша оқыту қызметін көрсететін орындаушылар тізіміне қатысты сұраққа 26 шілде күні қолма-қол келесі мәліметті ұсынды. Ақжайық ауданы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ облыс бойынша 7 оқу орталығымен бірге қызмет жасайды екен және төменде көрсетілген мамандықтар бойынша осы оқу орталықтарының қызметтерін пайдаланған, олар:

1. «Сервис» Орал технологиялық колледжі - *шаштараз-модельер, маникюр шебері.*
2. Тайпақ колледжі – *электргазбен дәнекерлеуші, аспаз.*
3. Ақжайық аграрлық-техникалық колледжі - *электргазбен дәнекерлеуші, аспаз, жануарларды ветеринариялық өңдеу бойынша оператор.*
4. «Орал оқу орталығы» ЖШС – *маникюр шебері, қазандық операторы, шаштараз, аспаз.*
5. «Орал - Андас» Оқу орталығы – *хатшы – референт, іс-жүргізуші, оператор – бағдарламашы, тігінші.*

6. «ЮлАНИл» ЖШС – *бала күтуші – тәрбиешінің көмекшісі, шаштараз, хатшы-референт.*

7. «Энергетик» Оқу орталығы – *электромонтер.*

«Атамекен» ҰКП оқыту қызметтерін көрсететін оқу орталықтарының реестріне Батыс Қазақстан облысы бойынша жалпы 26 оқу орталығы енгізілген, жоғарыда көрсетілген 7 оқу орталығы да осы реестрге тіркелген^[5].

Бағдарлама бойынша жұмыссыздарды оқуға жолдау тәртібі туралы жауап алдыңғысынан өзгеріссіз, ал осы бағдарлама бойынша Ақжайық ауданының тұрғындарына сайттарда, әлеуметтік желі парақшаларында немесе БАҚ құралдарында ақпарат көзі бар ма? Болса қандай ресурстарда деген сұраққа да Facebook әлеуметтік желісінде парақшамыз бар деген ауызша жауаптан басқа нақты жауап ала алмадым.

Ауданнан осы бағдарлама бойынша қысқа мерзімді курстарды оқып шыққан 2017, 2018 жылдардағы түлектердің арасынан әр жылға 5-6 адамның аты-жөні мен телефон нөмірлерін беру туралы сауалға олардың тізімі мен телефон нөмірлері ұсынылды. Сонымен қатар, «Сәтті жобалар» атты ақпараттарын бөлісті.

«СӘТТИ ЖОБАЛАР»

«Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек мемлекеттік бағдарламасының» 1-бағыты «Қысқа мерзімдік оқыту»




Есетов Жасулан Максutowич – 1968 жылы дүниеге келген, III топ мүгедегі. 2017 жылы жұмыспен қамту орталығына жұмыссыздар қатарына тіркелді. 2018 жылдың мамыр айынан бастап «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған» бағдарламасы бойынша «Энергетик» оқу орталығына «электромонтер» мамандығы бойынша қысқа мерзімді курсқа жолданды. Оқуды аяқтағаннан кейін, мамандығы бойынша бос жұмыс орнының болмауына байланысты Жаңабұлақ ауыл округі әкімдігінде босаған «күзетші» қызметіне тұрақты жұмысқа орналасты.

⁵ atameken.kz/ru/services/24-kratkosrochnaya-podgotovka-perepodgotovka-povyshenie-kvalifikacii-po-professiyam



Бақытжан Жазира Сайфуддинқызы – 1999 жылы дүниеге келген. 2018 жылы жұмыспен қамту орталығына жұмыссыздар қатарына тіркелді. 2018 жылдың сәуір айынан бастап «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған» бағдарламасы бойынша «Сервис» оқу орталығына «маникюр» мамандығына жолданды. Оқуды аяқтағаннан кейін Орал қаласында «Luck Muss» салонына жұмысқа орналасты.



Мағзом Фариза Бақытжанқызы – 1998 жылы дүниеге келген. 2017 жылы жұмыспен қамту орталығына жұмыссыздар қатарына тіркелді. 2018 жылдың маусым айынан бастап «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған» бағдарламасы бойынша «Андас» оқу орталығына «оператор-бағдарламашы» мамандығына оқуға жолданды. Оқуды аяқтағаннан кейін Чапаев ауылындағы РОО «Отан» мекемесіне жұмысқа орналасты.




Сатыбалды Айнур Жұмабекқызы – 2000 жылы дүниеге келген, III топ мүгедегі. 2018 жылы жұмыспен қамту орталығына жұмыссыздар қатарына тіркелді. 2018 жылдың сәуір айынан бастап «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған» бағдарламасы бойынша «Сервис» оқу орталығына «маникюр шебері» мамандығына жолданды. Оқуды аяқтағаннан кейін Жаңабұлақ ауылында «Назерке» ЖК-де даяшы болып жұмысқа орналасты.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде ақпаратқа қолжетімдік, соның ішінде қаржылық ақпаратқа қатысты қолжетімдік пен ашықтық төмен деңгейде екенін көруге болады. Орталықтың дербес сайты жоқ, Ақжайық ауданы әкімдігінің сайтында^[6] бөлім ретінде Орталық қызметін толық ашып көрсете алмайтын мәлімет қана бар. Аталған бағдарлама туралы немесе оның орындалу барысы туралы ақпарат толық емес, қысқа ғана берілген.

Facebook әлеуметтік желісінде Ақжайық аудандық халықты жұмыспен қамту орталығы атты парақша 15.02.2018 жылы ашылған, бірақ мазмұны жаңартылмайды және қазіргі уақытта ондағы мәліметтердің белсенділігі, өзектілігі төмен.

**Ақжайық аудандық халықты жұмыспен қамту орталығының
Facebook әлеуметтік желісіндегі парақшасының скрин-көшірмесі^[7]**



Орталық өз жауабында жұмыссыздарға арнап жергілікті БАҚ-та ақпарат жариялайтыны туралы да ештеңе көрсетпеген. Осыдан ақпарат көзіне қолжетімдік деңгейі төмен деуге болады. Аудандағы жұмыссыздық бойынша ақпарат сұратылған мерзімге ұсынылған, алайда статистикалық мәліметтермен салыстыру кезінде сәйкессіздік анықталды.

Аталған мәселелер бойынша сұранысқа берілген жауапты зерделей отырып, бұл салада ақпаратқа қолжетімділік тиісті деңгейде емес деген қорытынды жасауға болады.

«Сәтті жоба» ретінде ұсынылған ақпаратқа талдау жасайтын болсақ: **Ж.Есетов (51 жаста) «электромонтер» мамандығы бойынша оқып**, өз ауылында мамандығына сәйкес бос жұмыс орны болмағандықтан, сол уақытта босаған «күзетші» мамандығы бойынша тұрақты жұмысқа орналасқан, **Ж.Бақытжан (20**

⁶ akzhaik-bko.gov.kz/kz/2018-12-19-07-45-41/2018-12-19-07-51-43

⁷ www.facebook.com/akzanyatost/

жаста) «маникюр шебері» мамандығына оқуға жолданып, оқуды аяқтаған соң Орал қаласында салонға жұмысқа орналасқан, суретінен көргеніміздей, ол да өз мамандығы бойынша емес, «шаштараз» мамандығы бойынша жұмыс жасайды, *Ф.Мағзом (21 жаста) «оператор-бағдарламашы»* мамандығын алып, Чапаев ауылында «хатшы» ретінде жұмысқа орналасқан, *А.Сатыбалды (20 жаста) «маникюр шебері» мамандығы бойынша білім алып*, оқуын аяқтаған соң өз ауылында «даяшы» ретінде қызмет етуде.

Нәтижесінде мамандық алған барлық жұмыссыздар өз мамандығы бойынша жұмысқа орналаса алмаған: яғни олар *жұмыспен қамтылған, алайда мүлдем басқа мамандық бойынша қызмет етуде.*

Басты себептердің бірі:

- *ауылдық жерде осы мамандықтарға сәйкес бос жұмыс орнының болмауы.* Алдыңғы ХЖҚ орталығы берген мәліметтерге сүйенсек, жұмыссыздарды жергілікті әкімдіктер берген сұраныс бойынша оқуға жолдап отыр.

Нәтижесінде:

- сұранысқа сәйкес білім алып, мамандық иесі болған жұмыссыздар *алған мамандығы бойынша жұмысқа орналаса алмай жүр.*
- орталықтың еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарды анықтау бағытындағы мониторингтік жұмысы әлсіз деген тұжырымға келуге болады.

Осыған қарағанда бұл «жобаларды» сәтті жоба деп айтуға келмейді.

Қуантарлық жайт, сәтті жоба деген анықтамаға толығымен сәйкес келетін де мысал бар. Бағдарлама қатысушыларымен телефон арқылы сұхбат жүргізу кезінде анықталғаны:

22 жастағы Бақтыгереев Нұрбек, білімі орта, әскер қатарынан келгеннен кейін, аудандық биржаға жұмыссыз ретінде тіркелген. Кейін ауыл әкімдігінің хабарлауымен 2017 жылы 3 айлық қысқа мерзімді курсқа «шаштараз» мамандығы бойынша оқуға жолданып, «шаштараз» мамандығын алып шыққан. Мамандықты өзі таңдаған, курсты «Сервис» Орал технологиялық колледжінде тәмамдаған.

Оқуды аяқтағасын шаштараз ретінде мамандығы бойынша жұмысқа орналасқан, тәжірибе жинағаннан кейін өз ауылына (аудандық орталық Чапаев ауылы) оралған, қазіргі уақытта ауылда жеке кәсіпкер, салоннан шаштараз бөлмесін ашып, орынды жалға алып отыр. Айлық табысы 150-200 мың теңгенің арасында. Колледждің білім беру деңгейін өте жақсы деп бағалайды. «Теориялық біліммен қатар тәжірибені де үйретті. Шеберлер өте білікті, білімді, өз ісінің мамандары. Өйткені, қайшы ұстап көрмеген адамнан маман шығарды» деп өз пікірімен бөлісті. Курстың жеке басына әкелген пайдасы мамандық алғаны, жеке кәсіпкер болып өз кәсібін ашқаны, қаржылық жағдайын түзегені деп есептейді.

4. МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАҒА ШОЛУ

Зерттеу тақырыбы аясында осы мәселеге қатысты «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасына» шолу жасалды.

Бағдарлама атауы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы «29» желтоқсандағы № 919 қаулысымен бекітілген «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы».

Үкіметтік бағдарламаны әзірлеуге және іске асыруға жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі – Бағдарламаның бірінші бағыты бойынша; Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі – екінші бағыты бойынша; Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі – үшінші бағыты бойынша, Бағдарламаны жалпы үйлестіру.

Мақсаты: Халықты нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және азаматтарды кәсіпкерлікке тарту.

Міндеттері:

1. Еңбек нарығының қажеттілігін есепке ала отырып техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлау.
2. Еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптер мен дағдылар бойынша жұмысшы кадрларды қысқа мерзімді кәсіптік оқу.
3. Кәсіпкерлік негіздеріне оқыту.
4. Ауылда және қалада микрокредит беруді кеңейту.
5. Жұмыссыздарды және өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдарды жұмыспен қамтамасыз етуге жәрдемдесу.
6. Еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру.
7. Жұмысқа орналастыру бойынша бірыңғай цифрлық алаң құру.

Іске асыру мерзімдері: 2017 – 2021 жылдар.

Нысаналы индикаторлары:

Бағдарламада қойылған міндеттерді орындау жолымен 2021 жылға қарай мынадай нысаналы индикаторларға қол жеткізіледі:

1. жұмыссыздық деңгейі 4,8 %-дан аспайтын болады (2016 жылғы 3-тоқсан – 4,9 %);

Бағдарламадағы қазіргі ахуалға жүргізілген талдауға жүгінсек: «Қазақстанның еңбек нарығында соңғы 10 жылда оң серпін байқалады. 2007 жылмен салыстырғанда жұмыс күші санының 9,7%-ға өсуімен бірге жалдамалы жұмыскерлердің де саны 1,7 млн адамға артты, жұмыссыздардың саны 155 мың адамға және өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдардың саны 558 мың адамға төмендеді.

ЖЖК 2020 бағдарламасы қолданыста болған уақытта 770 мың азаматқа мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілді. Нәтижесінде 580 мың адам тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылды.

Соңғы жылдары жұмыссыздық деңгейі:

- 2015 жылғы 5,1%-дан;

- 2016 жылы 5,0%-ға;
- 2017 жылы 4,9%-ға дейін төмендеді.

Сонымен қатар, еңбек нарығына да, одан әрі экономикалық өсуге де әсер ететін мынадай **жүйелі проблемалар** сақталып отырғаны анықталған:

1. Еңбек ресурстары сапасының еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес келмеуі.

Осыған байланысты *жастардың алғашқы жұмысшы кәсібін тегін игеруге қолжетімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ еңбек нарығында сұранысқа ие жұмысшы кәсіптер бойынша ересек тұрғындарды қайта даярлау және олардың дағдыларын арттыру қажеттігі туындаған.*

2. Нәтижесіз жұмыспен қамтылу.

Білім мен кәсіптік дағдылардың жеткіліксіздігі едәуір өнімді әрі табысты жұмыс орындарына қолжетімділікті шектейді. Нәтижесіз жұмыспен қамтылғандардың 49,1%-ында тек негізгі, орта, жалпы және бастауыш білім бар.

Нәтижесіз жұмыспен қамтылған халықты өнімді экономикалық қызметке тарту экономикалық белсенділіктің өсуіне және олардың табыстарының артуына ықпал етеді.

3. Өңірлік диспропорция мен демографиялық теңгерімсіздік.

Жұмыс күші артық өңірлерден жұмыс күші тапшы өңірлерге азаматтардың ерікті түрде қоныс аударуына жәрдемдесу арқылы еңбек ресурстарының аумақтық ұтқырлығын ынталандыру бойынша шаралар қабылдаған жөн.

4. Экономиканың жеке секторында өнімді жұмыс орындарының жеткіліксіз түрде генерациялануы.

Әлемдік практикада еңбек нарығындағы проблемаларды шешу үшін жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары пайдаланылады, олар еңбек ресурстарын дамыту (кәсіптік даярлау және қайта даярлау), жұмыс күшіне сұранысты арттыру (жалақыны/жұмыспен қамтуды субсидиялау, қоғамдық жұмыстар), ақпараттық сүйемелдеуді қоса алғанда, еңбек нарығы институттарының қызметін жетілдіру, сондай-ақ кәсіпкерлікті дамыту арқылы жүзеге асырылады.

Бұл экономикалық тұрғыдан нәтижелі жұмыспен қамту ықтималдығын арттыруды, еңбек өнімділігі мен жалақының өсуін көздесе, әлеуметтік тұрғыдан жұмыссыздықты қысқартуды, еңбек белсенділігінің өсуін және адами әлеуетті дамытуды көздейді».

Мемлекеттік бағдарламаның алға қойған еңбек нарығының қажеттігін есепке ала отырып техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауға, еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптер мен дағдылар бойынша жұмысшы кадрларды қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға қатысты міндеттері сәйкесінше орындалып отырғанына куәміз, бағдарламаға қатысушы барлық талаптар өз міндеттерін орындап отыр, ХЖҚ орталықтары жұмыссыздарды оқуға жолдайды, оқу орталықтары қатысушыларды оқытады, қатысушылар мамандық алып шығады. Бағдарламаның жұмыссыздарға, олардың әлеуметтік жағдайына, жалпы өмір сүру деңгейіне әсері орасан зор және осыған қатысты оқу орталықтарының мамандары мен мамандық алып шыққан жұмыссыздардың пікірі оң, олардың пікірінше бағдарлама пайдалы және ол өмір сүруі керек.

Күн тәртібінде өзектілігін жоймай отырған мәселе жұмыссыздық болып отыр, бағдарламаның міндеттерінің бірі **жұмыссыздарды және өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдарды жұмыспен қамтамасыз етуге жәрдемдесу**. Ал нысаналы индикаторлары жоғарыда аталған міндеттерді орындай отырып

2021 жылға қарай келесі көрсеткішке қол жеткізу: **жұмыссыздық деңгейі 4,8% аспайтын болады (2016 жылғы 3-тоқсан – 4,9 %).**

Бағдарламаны іске асыру мерзімдері: 2017 – 2021 жылдар аралығы болса, оның іске қосылып, жүзеге асырылғанына да 3 жылға жуық уақыт өтті, **жұмыспен қамтамасыз етуге жәрдемдесу тармағына қатысты** нәтижелер көзделген меже деңгейіне жақындамаған. Бұл туралы ҚР ЕЖХӘҚМ сайтында ұсынылған 2019 жылдың 1 шілдесіне еңбек нарығының негізгі көрсеткіштерінен көруге болады. Атап айтсақ, 2019 жылдың екінші тоқсанында жұмыссыздық деңгейі – 4,8% құраған, 2018 жылдың екінші тоқсанымен салыстырғанда жұмыссыздық деңгейі 0,1% көбейген. Бұл алаңдатарлық жағдай, өйткені мемлекет тарапынан жұмыссыздықты мақсатты түрде азайту үшін арнайы бағдарлама қабылданды, бағдарлама қарқынды жүзеге асырылуда. Бірақ, жұмыспен қамтамасыз етуге жәрдемдесу мәселесі өз шешімін таппаған.

ҚР ЕЖХӘҚ осы бағыттағы оператор болып табылады және оның құзырында бағдарлама бойынша «Сұранысқа ие біліктіліктер мен дағдылардың тізбесі жұмыс берушілер өтінімдерінің, сондай-ақ халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар халықты жұмыспен қамту орталықтарымен, ӨКП-мен және "ЕРДО" АҚ-мен бірлесіп жүргізетін өңірдің еңбек нарығының қажеттілігін талдау мен болжау негізінде қалыптастырылады» делінген.

Дәл осы еңбек нарығының қажеттігін талдау мен болжау өз деңгейінде жүзеге асырылмай отыр деп пайымдауға болады, ол туралы сауалнама жауаптарынан көруге болады.

Сондай-ақ Бағдарламада 2019 жылдан бастап "Атамекен" ҰКП жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органмен және білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша оқу орталықтары мен оқу орындарының тізілімін бекітетіні анықталған.

Тізілімге енген оқу орталықтары мен оқу орындары халықты жұмыспен қамту саласындағы көрсетілетін қызметтер аутсорсингі арқылы қысқа мерзімді кәсіптік оқытудан өткен **Бағдарламаға қатысушыларға жұмысқа орналасуда жәрдемдесуге құқығы бар.**

Қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды аяқтаған Бағдарламаға қатысушыларды жұмысқа орналастыру Бағдарлама шеңберінде қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды өткізу үшін міндетті шарт болып табылады. Қысқа мерзімді кәсіптік оқыту аяқталғаннан кейін халықты жұмыспен қамту орталықтары Бағдарламаға қатысушыларға Заңға сәйкес жұмысқа орналасуға жәрдемдеседі.

Яғни, бағдарламада жұмыспен қамтуға қатысты барлық қатысушыларға қатысты тек «жәрдемдеседі» деген сөзбен тоқталған, жұмыспен қамту бойынша нақты міндеттері айқындалып, бекітілмеген. Егер жұмыссыздық деңгейін төмендетуді қолға алғымыз келсе, бағдарлама қатысушыларының барлығы жұмыссыздықты төмендетуге мүдделі болуы қажет немесе олар мүдделі болуы үшін қатысушыларды ынталандыру қажет деген тұжырымға келдім.

Тақырыпқа қатысты құқықтық-нормативтік актілер:

- ҚР «Халықты еңбекпен қамту туралы» 06.04.2016 ж. №482-V ЗРК заңы.
- «Еңбекпен қамту жол картасы – 2020».
- «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы».
- ҚР БҒМ кадрларға техникалық және кәсіптік білімді және қысқа мерзімді кәсіптік оқыту, дайындауды ұйымдастыру ережесі^[8].

5. САУАЛНАМА, СҰХБАТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Ззерттеу жұмысы барысында қысқа мерзімді кәсіптік оқыту курстарын аяқтаған жұмыссыздармен, жергілікті орган мамандарымен, «Атамекен» ҰКП БҚО бойынша филиалы маманымен, оқыту орталықтарының мамандарымен сұхбат, сауалнама жүргізілді.

5.1. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ОҚЫТУ КУРСТАРЫН ОҚЫП ШЫҚҚАН ЖҰМЫССЫЗДАРМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН САУАЛНАМА

Қысқа мерзімді кәсіптік оқыту курстарын аяқтаған жұмыссыздармен өткізілген сұхбат алдын ала дайындалған, 16 сұрақты қамтитын сауалнама форматында, телефон байланысы арқылы 7 респондентпен жүргізілді.

Өз байланыстарым (оқу орталығы) арқылы 2018 жылы Ақжайық ауданы бойынша бағдарлама қатысушылары ретінде мамандық алған 19 адамның телефон нөмірлерін таптым. Олармен байланысқан кезде жауап бергені тек 3 адам, ал ХЖҚ орталығы берген 2017, 2018 жылғы бағдарлама оқушыларының (10 адам) ішінен тек 4 ғана жауап берді. Алынған нәтижелері төмендегідей:

Кесте 4. БҚО Ақжайық ауданы бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқыту курстарынан өткен жұмысшы кадрларға арналған сауалнама жауаптары

Сауалнама өткізілген уақыты: 04.07.2019ж.

1-Респондент

Сауалнама: телефон байланысы арқылы өткізілді.

№	Сұрақ	Жауап
1.	Тұрғылықты мекен-жайыңыз?	Ақжайық ауданы, Чапаево ауылы.
2.	Жасыңыз нешеде?	52 жаста.
3.	Жұмыссыздарды қысқа мерзімді курста оқыту бағдарламасы туралы қайдан білдіңіз?	Аудандық биржада жұмыссыз ретінде тіркеулі болғандықтан, сол жерден хабарлаған.
4.	Біліміңіз қандай (қысқа мерзімді курстан өткенге дейінгі)?	Арнайы орта, кітапханашы.

№4 (1-Респондент) кестенің жалғасы келесі бетте:

№	Сұрақ	Жауап
5.	Қысқа мерзімді курстан қай жылы өттіңіз?	2018 жылы.
6.	Қанша ай оқыдыңыз?	3 ай.
7.	Оқыту курсына мамандықты қалай таңдадыңыз?	«Уральский центр обучения» ЖШС
8.	Қысқа мерзімді курсты қандай оқыту орталығынан оқып шықтыңыз?	Мүгедек болғандықтан қосымша мамандық ретінде оқыған, аяқтаған соң жұмыс іздеген бірақ таппаған, кейін ауырып қалған.
9.	Қысқа мерзімді оқыту курсын қандай мамандық бойынша оқыдыңыз?	Шаштараз.
10.	Мамандығыңыз бойынша жұмысқа орналастыңыз ба?	Мүгедек болғандықтан қосымша мамандық ретінде оқыған, аяқтаған соң жұмыс іздеген бірақ таппаған, кейін ауырып қалған.
11.	Егер жұмысқа орналассаңыз, қандай мекеме не кәсіпорында жұмыс жасайсыз және жұмысқа алған мамандық бойынша орналастыңыз ба?	Қазіргі уақытта жұмысқа орналасқан, бірақ өз мамандығы бойынша емес. Ақсай қаласында вахталық әдіспен қызметші (горничная) болып жұмыс жасайды.
12.	Курста алған біліміңіз туралы айтсаңыз?	Оқу орталығының білім беруін өте жақсы деп бағалайды. Теориялық білімнен гөрі тәжірибелік дағдыларға көп көңіл бөлінген. Тәжірибелік жұмысты орталықтағы оқушылардың шашын қию арқылы ұйымдастырған. Өзі шаш қия алады, көп нәрсе үйренген.
13.	Егер жұмысқа орналаспаған болсаңыз, себебі неде?	Жұмыс іздеген кезде ауылда шаштаразға бос орын болмаған. Жеке іс ашқысы келген, қаржы болмапты. Кейін ауырып қалған.
14.	Жұмыссыздарды қысқа мерзімді курстарда оқыту қажет пе?	Қысқа мерзімді оқыту курстарын ұйымдастыру қажет, олар жұмыссыздар үшін, мамандығы жоқ адамдар үшін пайдалы.
15.	Бұл курстың Сізге әкелген пайдасы қандай?	Шаштараз мамандығын алған, шаш қиюды үйренген.
16.	Қысқа мерзімді курстан оқу мерзімінде қандай кепілдік не жеңілдік қарастырылған?	Шәкіртақы.

Сауалнама өткізілген уақыты: 04.07.2019ж.

2-Респондент

Сауалнама: телефон байланысы арқылы өткізілді.

№	Сұрақ	Жауап
1.	Тұрғылықты мекен-жайыңыз?	Ақжайық ауданы, Сайқұдық ауылы (қазіргі уақытта Орал қ.).
2.	Жасыңыз нешеде?	29 жаста.
3.	Жұмыссыздарды қысқа мерзімді курста оқыту бағдарламасы туралы қайдан білдіңіз?	Аудандық биржада жұмыссыз ретінде тіркеулі болғандықтан, сол жерден хабарлаған.
4.	Біліміңіз қандай (қысқа мерзімді курстан өткенге дейінгі)?	Арнайы орта, мұнай-газ операторы.
5.	Қысқа мерзімді курстан қай жылы өттіңіз?	2018 жылы.
6.	Қанша ай оқыдыңыз?	3 ай.
7.	Оқыту курсына мамандықты қалай таңдадыңыз?	Өз таңдауы.
8.	Қысқа мерзімді курсты қандай оқыту орталығынан оқып шықтыңыз?	«Уральский центр обучения» ЖШС.
9.	Қысқа мерзімді оқыту курсын қандай мамандық бойынша оқыдыңыз?	Шаштараз.
10.	Мамандығыңыз бойынша жұмысқа орналастыңыз ба?	Кішкене ауылда тұрғандықтан шаштаразға жұмыс болмаған, орналаспаған.
11.	Егер жұмысқа орналассаңыз, қандай мекеме не кәсіпорында жұмыс жасайсыз және жұмысқа алған мамандық бойынша орналастыңыз ба?	Қазіргі уақытта баласын күтуіне байланысты жұмыс жасай алмайды.
12.	Курста алған біліміңіз туралы айтсаңыз?	Оқу орталығының білім беруін жақсы деп бағалайды. Теориялық білім жақсы берілген, тәжірибе аз болған. Өзі шаш қию, шаштараз ретінде жұмыс жасау үшін әлі тәжірибе қажет.
13.	Егер жұмысқа орналаспаған болсаңыз, себебі неде?	Ауылда шаштаразға жұмыс жоқ болғандықтан басқа жерден жұмыс іздемеген.
14.	Жұмыссыздарды қысқа мерзімді курстарда оқыту қажет пе?	Алған мамандығын жақсы игеріп, осы мамандық бойынша жұмыс жасаймын деген адамдар үшін қысқа мерзімді оқыту курстарын ұйымдастыру қажет.

№	Сұрақ	Жауап
15.	Бұл курстың Сізге әкелген пайдасы қандай?	Ақжайық ауданы, Чапаево ауылы.
16.	Қысқа мерзімді курстан оқу мерзімінде қандай кепілдік не жеңілдік қарастырылған?	52 жаста.

Сауалнама өткізілген уақыты: 05.07.2019ж.

3-Респондент

Сауалнама: телефон байланысы арқылы өткізілді.

№	Сұрақ	Жауап
1.	Тұрғылықты мекен-жайыңыз?	Ақжайық ауданы, Қарауылтөбе ауылы (қазіргі уақытта Орал қ.).
2.	Жасыңыз нешеде?	32 жаста.
3.	Жұмыссыздарды қысқа мерзімді курста оқыту бағдарламасы туралы қайдан білдіңіз?	Аудандық биржада жұмыссыз ретінде тіркеулі болғандықтан, сол жерден хабарлаған.
4.	Біліміңіз қандай (қысқа мерзімді курстан өткенге дейінгі)?	Арнайы орта, мұнай-газ операторы.
5.	Қысқа мерзімді курстан қай жылы өттіңіз?	2018 жылы.
6.	Қанша ай оқыдыңыз?	3 ай.
7.	Оқыту курсына мамандықты қалай таңдадыңыз?	Өз таңдауы.
8.	Қысқа мерзімді курсты қандай оқыту орталығынан оқып шықтыңыз?	«Уральский центр обучения» ЖШС.
9.	Қысқа мерзімді оқыту курсын қандай мамандық бойынша оқыдыңыз?	Шаштараз.
10.	Мамандығыңыз бойынша жұмысқа орналастыңыз ба?	Шаштараз.
11.	Егер жұмысқа орналассаңыз, қандай мекеме не кәсіпорында жұмыс жасайсыз және жұмысқа алған мамандық бойынша орналастыңыз ба?	Қазіргі уақытта Орал қаласында жұмысқа орналасқан, бірақ мамандығы бойынша емес. «Суровский» дүкенінде кассир.

№4 (3-Респондент) кестенің жалғасы келесі бетте:

№	Сұрақ	Жауап
12.	Курста алған біліміңіз туралы айтсаңыз?	Оқу орталығының білім беруін жақсы деп бағалайды. Теориялық білімнен көрі тәжірибелік дағдыларға көп көңіл бөлінген. Өзі шаштараз ретінде жұмыс жасай алады.
13.	Егер жұмысқа орналаспаған болсаңыз, себебі неде?	Ауылда шаштаразға жұмыс жоқ болған.
14.	Жұмыссыздарды қысқа мерзімді курстарда оқыту қажет пе?	Қысқа мерзімді оқыту курстарын ұйымдастыру жұмыссыздар үшін қажет.



4-Респондент – Сахипова Сақыпжамал

(аты-жөні мен суретін жариялауға респонденттің рұқсаты бар).

Сауалнама өткізілген уақыты: 26.07.2019ж.

Сауалнама: бетпе-бет өткізілді.

№	Сұрақ	Жауап
1.	Тұрғылықты мекен-жайыңыз?	Ақжайық ауданы, Ақсуат ауылдық округі.
2.	Жасыңыз нешеде?	43 жаста.
3.	Жұмыссыздарды қысқа мерзімді курста оқыту бағдарламасы туралы қайдан білдіңіз?	Ауыл әкімдігінен ақпарат алып, биржаға келіп жұмыссыз ретінде тіркелген.
4.	Біліміңіз қандай (қысқа мерзімді курстан өткенге дейінгі)?	Жоғары, мұғалім (5 баласы бар, бала күтіміне байланысты жұмыстан шығып
5.	Қысқа мерзімді курстан қай жылы өттіңіз?	2018 жылы.

№4 (4-Респондент) кестенің жалғасы келесі бетте:

№	Сұрақ	Жауап
6.	Қанша ай оқыдыңыз?	1 ай.
7.	Оқыту курсына мамандықты қалай таңдадыңыз?	Өз таңдауы.
8.	Қысқа мерзімді курсты қандай оқыту орталығынан оқып шықтыңыз?	«Орал-Андас» Оқу орталығы. Оқытушы Венера Майлыбаевна.
9.	Қысқа мерзімді оқыту курсын қандай мамандық бойынша оқыдыңыз?	Іс-жүргізуші.
10.	Мамандығыңыз бойынша жұмысқа орналастыңыз ба?	Мамандығы бойынша жұмысқа орналаспаған.
11.	Егер жұмысқа орналассаңыз, қандай мекеме не кәсіпорында жұмыс жасайсыз және жұмысқа алған мамандық бойынша орналастыңыз ба?	Қазіргі уақытта Ақсуат ауылдық округінің әкімдігінде бас маман болып жұмыс жасайды.
12.	Курста алған біліміңіз туралы айтсаңыз?	Оқу орталығының білім беруін жақсы деп бағалайды. Теориялық және тәжірибелік тұрғыдан қанағаттанарлық деп есептейді. Қазіргі жұмысы ресми іс-қағаздарды ресімдеумен байланысты болғандықтан, маман ретіндегі жұмысына пайдасы болған. Оқу орталығының мамандары білікті, білімді, тәжірибелі. 10 оқушы оқып, өте алғыр топ болған.
13.	Егер жұмысқа орналаспаған болсаңыз, себебі неде?	—
14.	Жұмыссыздарды қысқа мерзімді курстарда оқыту қажет пе?	Қысқа мерзімді оқыту курстарын ұйымдастыру жұмыссыздар үшін қажет, өйткені жұмыссыздар үшін өз өмірін өзгертуге, табыс табуға мүмкіндік деп қарауға болады. Тек алған білімді дұрыс бағытта пайдалана білу қажет.
15.	Бұл курстың Сізге әкелген пайдасы қандай?	Мамандық алдым, ресми іс-қағаздар жүргізуді білдім, өз жұмысымда пайдасы мол. Жұмысқа орналастым, қаржылай жағдайым түзелді.
16.	Қысқа мерзімді курстан оқу мерзімінде қандай кепілдік не жеңілдік қарастырылған?	Шәкіртақы.

Сауалнама өткізілген уақыты: 07.08.2019ж.

5-Респондент

Сауалнама: телефон байланысы арқылы өткізілді.

№	Сұрақ	Жауап
1.	Тұрғылықты мекен-жайыңыз?	Ақжайық ауданы, Жайық ауылы.
2.	Жасыңыз нешеде?	29 жаста.
3.	Жұмыссыздарды қысқа мерзімді курста оқыту бағдарламасы туралы қайдан білдіңіз?	Аудандық биржада жұмыссыз ретінде тіркеулі болғандықтан, ауыл әкімдігі хабарлаған.
4.	Біліміңіз қандай (қысқа мерзімді курстан өткенге дейінгі)?	Арнайы орта, аспаз.
5.	Қысқа мерзімді курстан қай жылы өттіңіз?	2018 жылы.
6.	Қанша ай оқыдыңыз?	3 ай.
7.	Оқыту курсына мамандықты қалай таңдадыңыз?	Өз таңдауы.
8.	Қысқа мерзімді курсты қандай оқыту орталығынан оқып шықтыңыз?	«Орал-Андас» оқу орталығы.
9.	Қысқа мерзімді оқыту курсын қандай мамандық бойынша оқыдыңыз?	Бағдарламашы.
10.	Мамандығыңыз бойынша жұмысқа орналастыңыз ба?	Жұмысқа орналастым, бірақ бағдарламашы мамандығы бойынша емес, алайда компьютер білімі қажет мамандық.
11.	Егер жұмысқа орналассаңыз, қандай мекеме не кәсіпорында жұмыс жасайсыз және жұмысқа алған мамандық бойынша орналастыңыз ба?	Оқуды аяқтағасын жеке автомектепке хатшы мамандығы бойынша жұмысқа орналастым.
12.	Курста алған біліміңіз туралы айтсаңыз?	Оқу орталығының білім беруін өте жақсы деп бағалайды. Теориялық біліммен қатар тәжірибелік дағдыларды да осы оқу орталығы негізінде білікті үйреткен. Компьютерде еркін жұмыс жасай алады, ұйымдастыру техникасы мен электронды поштамен, интернетпен жұмысты меңгерген.
13.	Егер жұмысқа орналаспаған болсаңыз, себебі неде?	Қазіргі уақытта жұмыссыз, өйткені жеке мекеме болғасын жағдайлары ұнамаған.

№	Сұрақ	Жауап
14.	Жұмыссыздарды қысқа мерзімді курстарда оқыту қажет пе?	Қысқа мерзімді оқыту курстарын міндетті түрде ұйымдастыру қажет, олар жұмыссыздар үшін, мамандығы жоқ адамдар үшін, отбасы жағдайына байланысты оқи алмай, мамандық ала алмай қалған адамдар үшін қажет әрі пайдалы.
15.	Бұл курстың Сізге әкелген пайдасы қандай?	Мамандық алдым, компьютерді меңгердім.
16.	Қысқа мерзімді курстан оқу мерзімінде қандай кепілдік не жеңілдік қарастырылған?	Шәкіртақы.

Сауалнама өткізілген уақыты: 07.08.2019ж.

6-Респондент

Сауалнама: телефон байланысы арқылы өткізілді.

№	Сұрақ	Жауап
1.	Тұрғылықты мекен-жайыңыз?	Ақжайық ауданы, Ақсуат ауылы.
2.	Жасыңыз нешеде?	42 жаста.
3.	Жұмыссыздарды қысқа мерзімді курста оқыту бағдарламасы туралы қайдан білдіңіз?	Аудандық биржада жұмыссыз ретінде тіркеулі болғандықтан, ауыл әкімдігі хабарлаған.
4.	Біліміңіз қандай (қысқа мерзімді курстан өткенге дейінгі)?	Арнайы орта, бухгалтерлік есеп.
5.	Қысқа мерзімді курстан қай жылы өттіңіз?	2017 жылы.
6.	Қанша ай оқыдыңыз?	1 ай.
7.	Оқыту курсына мамандықты қалай таңдадыңыз?	Жұмыспен қамту орталығы ұсынды.
8.	Қысқа мерзімді курсты қандай оқыту орталығынан оқып шықтыңыз?	«Энергетик» оқу орталығы.
9.	Қысқа мерзімді оқыту курсын қандай мамандық бойынша оқыдыңыз?	Газ операторы.

№4 (6-Респондент) кестенің жалғасы келесі бетте:

№	Сұрақ	Жауап
10.	Мамандығыңыз бойынша жұмысқа орналастыңыз ба?	Жұмысқа мамандығым бойынша орналастым.
11.	Егер жұмысқа орналассаңыз, қандай мекеме не кәсіпорында жұмыс жасайсыз және жұмысқа алған мамандық бойынша орналастыңыз ба?	Ауылдағы мектепке газ операторы ретінде жұмысқа орналастым.
12.	Курста алған біліміңіз туралы айтсаңыз?	Оқу орталығының білім беруін жақсы деп бағалайды. Теориялық білім көбірек берілген, еңбек қауіпсіздігі саласынан жақсы білім берілген.
13.	Егер жұмысқа орналаспаған болсаңыз, себебі неде?	Қазіргі уақытта мамандығы бойынша жұмыс жасайды. Бірақ мерзімдік жұмыс болғасын жазғы мезгілде жұмыссыз.
14.	Жұмыссыздарды қысқа мерзімді курстарда оқыту қажет пе?	Қысқа мерзімді оқыту курстарын ұйымдастыру қажет, мамандығы жоқ, жұмыссыздар үшін аса қажет. Өйткені ауылдық жерде мамандар жетіспейді. Сонымен қатар оқытқан мамандық бойынша жұмыспен қамтуды да ойластыру қажет.
15.	Бұл курстың Сізге әкелген пайдасы қандай?	Мамандық алдым, жұмысқа орналастым.
16.	Қысқа мерзімді курстан оқу мерзімінде қандай кепілдік не жеңілдік қарастырылған?	Шәкіртақы.

Сауалнама өткізілген уақыты: 07.08.2019ж.

7-Респондент

Сауалнама: телефон байланысы арқылы өткізілді.

№	Сұрақ	Жауап
1.	Тұрғылықты мекен-жайыңыз?	Ақжайық ауданы, Чапаево ауылы.
2.	Жасыңыз нешеде?	22 жаста.
3.	Жұмыссыздарды қысқа мерзімді курста оқыту бағдарламасы туралы қайдан білдіңіз?	Аудандық биржада жұмыссыз ретінде тіркеулі болғандықтан, ауыл әкімдігі хабарлаған.
4.	Біліміңіз қандай (қысқа мерзімді курстан өткенге дейінгі)?	Орта.

№4 (7-Респондент) кестенің жалғасы келесі бетте:

№	Сұрақ	Жауап
5.	Қысқа мерзімді курстан қай жылы өттіңіз?	2017 жылы.
6.	Қанша ай оқыдыңыз?	3 ай.
7.	Оқыту курсына мамандықты қалай таңдадыңыз?	Өз таңдауы.
8.	Қысқа мерзімді курсты қандай оқыту орталығынан оқып шықтыңыз?	№2 колледж Орал қ.
9.	Қысқа мерзімді оқыту курсын қандай мамандық бойынша оқыдыңыз?	Шаштараз.
10.	Мамандығыңыз бойынша жұмысқа орналастыңыз ба?	Оқуды аяқтағасын шаштараз ретінде мамандығым бойынша жұмысқа орналастым.
11.	Егер жұмысқа орналассаңыз, қандай мекеме не кәсіпорында жұмыс жасайсыз және жұмысқа алған мамандық бойынша орналастыңыз ба?	Қазіргі уақытта ауылда жеке кәсіпкермін, салоннан шаштараз бөлмесін ашып, орынды жалға алып отырмын. Айлық табысым 150-200 мың теңгенің арасында.
12.	Курста алған біліміңіз туралы айтсаңыз?	Оқу орталығының білім беруін өте жақсы деп бағалайды. Теориялық біліммен қатар тәжірибені үйреткен. Шеберлер өте білікті, білімді, өз ісінің мамандары. Өйткені, қайшы ұстап көрмеген адамнан маман шығарды.
13.	Егер жұмысқа орналаспаған болсаңыз, себебі неде?	—
14.	Жұмыссыздарды қысқа мерзімді курстарда оқыту қажет пе?	Қысқа мерзімді оқыту курстарын оқытып қажет емес деп ойлайды. Өйткені адамдардың көбі түсінбейді, оқып шығып, жұмыс жасамайды, тек стипендия алу үшін оқитындар бар. Менімен оқыған адамдардың жартысынан көбі мамандығы бойынша жұмыс жасамайды.
15.	Бұл курстың Сізге әкелген пайдасы қандай?	Мамандық алдым, өз кәсібімді аштым, жеке кәсіпкермін, қаржылық жағдайымды түзедім.
16.	Қысқа мерзімді курстан оқу мерзімінде қандай кепілдік не жеңілдік қарастырылған?	Шаштараз.

Өткізілген сауалнамалар нәтижесінде жауаптарды қорытындылайтын болсақ:

1. 7 респонденттің барлығы үшін де қысқа мерзімді оқыту курстары пайдалы болған, өз мамандықтары бойынша қажет дағдылар мен тәжірибесін жеткілікті және қанағаттанарлық деңгейде алған.

2. 1 респондент қана тәжірибесі жеткіліксіз деп есептейді.

3. 2 респондент алған мамандығы бойынша жұмысқа орналасқан.

4. 5 респондент өздері тұратын ауылда мамандықтарына сәйкес жұмыс орындары болмағандықтан, өзге мамандықтар бойынша жұмысқа орналасқан. Оның ішінде:

- 1 респондент кейін бала босануына байланысты бала күтімімен үй шаруасында;
- 2 респондент Орал, Ақсай қалаларында өзге мамандық бойынша жұмысқа орналасқан,
- 2 респондент өз ауылдарында өзге мамандық бойынша қызмет етуде.

5. Сауалнамаға қатысқандар ішінде жеке кәсібін ашқысы келгендер де бар, бірақ қаржыларының жоқтығы қолбайлау болған.

6. 7 респондент те оқу орталықтарының берген білімін теориялық жағынан да, тәжірибелік жағынан да «жақсы» және «өте жақсы» деп бағалайды. Теориялық білімнен көрі тәжірибелік білімге, мамандық дағдыларын үйретуге көп көңіл бөлінген және тәжірибені өз оқу орталықтарында ұйымдастыру жақсы ойластырылған деген пікірде.

7. Басқа мамандықпен жұмыс жасап жүрген респонденттердің барлығы да мүмкіндік болған жағдайда, яғни өз ауылдарынан мамандықтары бойынша бос жұмыс орны ашылған немесе қаладан, не басқа жерден жұмыс табылған кезде мамандығы бойынша жұмыс жасауға ниетті, тағылымгер ретінде болса да бастап, өз мамандығы бойынша қызмет еткісі келеді.

8. 6 респондент жұмыссыздар үшін қысқа мерзімді оқыту курстарын міндетті түрде ұйымдастыру қажет, жұмыссыздар үшін, мамандығы жоқ адамдар үшін, отбасы жағдайына байланысты оқи алмай, мамандық ала алмай қалған адамдар үшін өз өмірін өзгертуге, табыс табуға мүмкіндік, олар үшін пайдалы әрі қажет, сонымен қатар ауылдық жерде мамандар жетіспейді, тек алған білімдерін дұрыс бағытта пайдалана білу қажет деп жауап берді.

9. 1 респондент қана қысқа мерзімді курстарды ұйымдастырып қажет емес, өйткені адамдардың көбі түсінбейді, оқып шығып жұмыс жасамайды, тек шәкіртақы алу үшін оқитындар бар, менімен оқығандардың жартысынан көбі өз мамандығы бойынша жұмыс жасамайды деп жауап берген.

Сонымен қатар, респонденттер тарапынан бағдарламаның жүзеге асырылуы бойынша төмендегідей ұсыныстар да болды:

- «Жұмыссыздар үшін қысқа мерзімді курстарды ұйымдастыру өте тиімді, пайдалы, бірақ көптеген жұмыссыздар, әсіресе жастар бұл туралы біле бермейді, яғни ақпарат жетпей жатады, әсіресе ауылдық жерде. Сондықтан осы бағдарлама туралы кеңінен насихаттау қажет, ауылдық жерде брошюраларды көптеп тарату қажет». 4-Респондент.
- «Жалпы, мемлекеттік бағдарламамен оқытқан соң, оқып шыққандарды жұмыспен қамту жағын ойластыру керек. Өйткені, ауылдық жерде жұмыс орны аз, газ операторының жұмысы мерзімдік. Бұрын мектеп жаз мезгілінде жылыту мерзімі тоқтаған уақытқа ақысы төленбейтін демалысқа жіберетін, кейін жылыту маусымы басталғанда қайтадан осы жұмысшылармен келісімшарт жасап, жұмысқа алатын. Соңғы кездері газ операторларын жылыту мерзімі аяқталғасын жұмыстан босатып жібереді. Сондықтан маусым басталған кезде орнына басқа адамды алу мүмкіндігі бар. Сол себептен

тұрақты жұмысқа кепілдік жоқ. Ал, бұрынғы жұмысшыларды қайта алмаса, жаңа жұмысшылардың білімі не біліктілігі төмен не жетіспеуі мүмкін, ол мектептің жылыту үдерісіне өз әсерін тигізеді. Осы мәселені реттеу қажет». *6-Респондент.*

- «Мемлекеттік қаржыны оқытуға ғана бөліп қоймай, сонымен қатар жұмысқа орналастыруға және осы курстардан мамандық алып, жеке кәсіп ашқысы келетін немесе кәсібін ашқан адамдарға қолдау көрсету жағына қарастыру керек». *7-Респондент.*

Сауалнама жауаптарын талдаудың қорытындысында келесі ескертулер мен ұсыныстар туындады:

- Аудандық ХЖҚ орталығы аудан көлемінде тұрғындарға бағдарлама мен оның мақсат, міндеттері жайында кеңінен насихаттау мақсатында ақпарат таратуды жолға қоюы (әлеуметтік желі, БАҚ арқылы) туралы;
- Бағдарлама қатысушыларына оқуды аяқтағаннан кейін алған мамандығы бойынша тұрақты жұмысқа орналасу үшін, жеке кәсібін ашу үшін ақпараттық, құқықтық, қаржылық қолдау көрсету қажет.
- Оқуды аяқтағаннан кейін түлектердің әрі қарай еңбек нарығында еркін жұмыс табуы үшін мақсатты қолдау болуы қажет.

Ал, тәжірибелік дағдылардың қалыптаспауы, не жеткіліксіз болуы әрбір бағдарламаға қатысушының жеке қызығушылығы мен жауапкершілігіне байланысты. Оқуды аяқтағаннан кейін мамандық бойынша жұмыс іздемегені де жеке қызығушылығының болмауы себебінен. Өз бетімен іздену, талпыну төмен болғандықтан, мамандық бойынша жұмыс жасауға мақсатты әрекет жасамаған.

5.2. «АТАМЕКЕН» ҰКП БҚОФ МАМАНЫМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН САУАЛНАМА

«Атамекен» ҰКП БҚОФ маманымен жүргізілген сауалнама алдын ала дайындалған, 7 сұрақты қамтитын сауалнама форматында маманның электронды поштасына жіберу арқылы 1 респондентпен жүргізілді. Алынған нәтижелері төмендегідей:

Кесте 5. «Атамекен» ҰКП БҚОФ маманына арналған сауалнама жауаптары

Сауалнама өткізілген уақыты: 07.10.2019ж.

1-Респондент

Сауалнама: электрондық поштаға жолдау арқылы өткізілді.

№	Сұрақ	Жауап
1.	«Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасын» жүзеге асыруда «Атамекен» ҰКП БҚО бойынша филиалының рөлі мен міндеттері?	Негізгі міндеті Мемлекеттік бағдарламаның мүмкіндіктері мен міндеттері туралы бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер арқылы тұрғындарды, мүдделі тұлғаларды ақпараттандыру, бағдарламаның жүзеге асырылуына жәрдемдесу, кеңес беру қызметін көрсету, бағыттау және түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
2.	Облыстағы қысқа мерзімді курстарды оқыту бойынша қызметтер көрсететін оқу орталықтарының тізілімі туралы ақпарат?	ҚР ҰКП Тізіліміне Батыс Қазақстан облысының 29 оқу орталығы енгізілген. Олардың ішінде: 8 оқу орталығы кәсіпорын жанынан, 17 оқу орталығы колледждер жанынан, 4 оқу орталығы дербес ашылған. 5 оқу орталығы БҚО Кәсіпкерлер Палатасының ықпал етуімен ашылды.
3.	Облыс бойынша қысқа мерзімді курстарды аяқтаған түлектердің жұмысқа орналасуы бойынша ағымдағы жағдай туралы? (Мәліметтер болған жағдайда Ақжайық ауданы бойынша).	Қысқа мерзімді курстарды аяқтаған түлектердің жұмысқа орналасуы 2018 жылға 62 % құрайды. ҚР ҰКП Тізіліміне енгізу бойынша шарттар бар, осы шарттарға сәйкес жұмысқа орналастырудың межелік деңгейі 60% кем болмауы қажет.
4.	Оқуды аяқтағаннан кейін жұмысқа орналастыру бойынша мемлекет тарапынан қандай да болсын қолдау не қызмет түрлері бар ма?	Жұмыспен қамту орталықтарының негізгі функциясы – жұмысқа орналасуға жәрдемдесу. Мақсатты жұмысқа орналастыру да бар. Оның шарттары бойынша Еңбекпен қамту басқармасы, Оқу орталығы, Кәсіпорын және Жұмыссыз адам арасында келісімшарт жасалады және оқып шыққан жұмыссыз кәсіпорынға жұмысқа орналасуы қажет. Оқу орталықтары да өздері оқытқан оқушылардың жұмысқа орналасуына мүдделі, сондықтан өз тарапынан өз түлектерін мүмкіндігінше жұмысқа орналастыруға көмектеседі. Тағы бір маңызды, айта кететін жай оқып шыққан адам жеке ісін бастай алады. Ол үшін оған жұмыссыздық мәртебесіне қарай 252 500 немесе 500 000 теңге сома көлемінде грант алуына болады.

№	Сұрақ	Жауап
5.	«Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасының» артықшылықтары мен кемшіліктері туралы?	Бағдарламаның артықшылықтарына келетін болсақ күнкөрісі төмен отбасылар мен көп балалы отбасылар үшін қолдау мен мүмкіншілік береді. Сонымен қатар, мамандығы жоқ адамға алғашқы жұмысшы мамандығы беріледі және жеке кәсібіңді ашуға мүмкіндік беріледі. Кемшіліктеріне тоқталсақ сұранысқа ие мамандықтар тізіміне болашақтың мамандықтарын, жаңа мамандықтарды енгізу қажет. Өйткені жұмыссыз адамдарды алдағы бес жылда жоғары сұранысқа ие болатын жаңа, заман талабына сай мамандықтарға алдын ала оқытып, дайындау қажет.
6.	Сіздің ойыңызша жұмыспен қамту бойынша жағдайды жақсарту үшін қандай шаралар қабылдау қажет?	Ол үшін кәсіптік бағдар жұмысын жүйелі түрде жолға қою қажет. Мектеп қабырғасынан бастап мамандықтар, мүмкіндіктер, оқыту орындары және т.б. туралы айту керек. Мектептерде, колледждерде және жоғарғы оқу орындарында «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» атты курстар жүргізілгені жөн. Осы кезде ғана жұмыспен қамту мәселесін шешуді жеңілдетуге болады деп ойлайды. Неге? Өйткені, сол кезде ғана адам өзі жеке ісін бастауға, жалданып жұмыс жасауға немесе сүйікті ісімен айналысуына дайын болады.
7.	Аталған бағдарламаны жүзеге асыру және оны жүзеге асыру тетіктері бойынша ұсыныстар мен ескертулер?	Өзімнің жеке пікірім мен ойым. Әр облыста Жастар мен оқушылар сарайы бар, осы сарайлардың жұмысын тиімді әрі өскелең ұрпақ үшін пайдалы ұйымдастыру үшін Облыстық кәсіптік бағдар беру орталықтарын ашуды ұсынар едім. Бұл орталықта психологтың, кәсіптік бағдар беру маманының кеңесін алуға, кәсіптік бағдар беру бойынша шаралар, түрлі шеберлік сағаттары мен кездесулер ұйымдастырып, өткізуге болады. <i>Орталық жұмысын ұйымдастыру бойынша кесте жалғанды.</i>

«Атамекен» ҰКП БҚОФ маманымен өткізілген сауалнама нәтижесінде анықталғаны: Кәсіпкерлер палатасы өз тарапынан Мемлекеттік бағдарламаның мүмкіндіктері мен міндеттері туралы бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер арқылы тұрғындарды, мүдделі тұлғаларды ақпараттандыру, бағдарламаның жүзеге асырылуына жәрдемдесу, кеңес беру қызметін көрсету, бағыттау және түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. ҚР ҰКП Тізіліміне Батыс Қазақстан облысынан енген оқу орталығының саны 29 болса, оларды кәсіпорын, колледж жанынан ашылған және дербес ашылған түрлері бойынша жіктеп көрсеткен, осыдан көретініміз - оқу орталықтарының қызметінде теориямен қатар тәжірибені де оңтайлы ұйымдастыру мәселесі ұтымды шешілген. Берілген мағлұматта көрсетілгендей Кәсіпкерлер палатасы оқу орталықтарын ашу мәселесіне бастама жасап, ықпал ете алады, сәйкесінше жоғарыда аталған Тізілімге енгізу талаптарына жауап беретін оқу орталықтарының саны көбейеді деуге болады. Нарықта қысқа мерзімді оқыту курстарын оқыту бойынша қызметтер көрсете алатын, Тізілім талаптарына сай оқу орталықтары көбейген сайын бәсеке және оқу орталықтарының сапасы арта

түседі. Кәсіпкерлер палатасының осы бағыттағы жұмысын кәсіби білімі бар кадрлар дайындау саласындағы оң үрдіс ретінде қабылдауға болады. Облыс бойынша курстарды аяқтаған түлектердің жұмысқа орналасуы 2018 жылға 62% құрағаны туралы айтылған, Ақжайық ауданы бойынша нақты мәлімет берілмеген. Сауалнамаға берілген жауапта: Жұмыспен қамту орталықтарының негізгі функциясы – жұмысқа орналасуға жәрдемдесу делінген. Сонымен қатар, еңбекпен қамту басқармасы, Оқу орталығы, кәсіпорын және жұмыссыз адам арасында келісімшарт жасалып, келісімшарт бойынша оқып шыққан жұмыссыз кәсіпорынға жұмысқа орналасу қажеттігі көзделген мақсатты жұмысқа орналастыру тетігінің бары туралы жазылған. Бұл тетіктің қалай жүзеге асырылатыны жайында нақты мәліметтер берілмеді. Берілген жауаптан көретініміз оқу орталықтары да жұмыссыздардың жұмыспен қамтылуына мүдделі, бірақ осы бағытта атқарған жұмыстарының нәтижелері берілмеген. Осыдан басқа, Бағдарламаның басқа бағыттары бойынша мамандық алып шыққан жұмыссыздар статусына байланысты екі түрлі грантқа ие бола алады екен. Соған қарамастан, жұмыссыздар азаймай, жұмыссыздық деңгейі төмендемей отырғанына жоғарыдағы мысалдар дәлел.


Кәсіпкерлер палатасының маманына Бағдарлама артықшылықтары мен кемшіліктері туралы сауал қойылған болатын. Маманның жауабы бойынша бағдарламаның басты артықшылықтары - күнкөрісі төмен отбасылар мен көп балалы отбасылар үшін қолдау мен мүмкіншілік беретіні, мамандығы жоқ адамға алғашқы жұмысшы мамандығын беретіні, жеке кәсіп ашуға мүмкіндік беретіні.

Бағдарламаның кемшіліктеріне қатысты өте орынды ұсыныс айтылды деп есептеуге болады, өйткені шын мәнінде маманның жауабында айтылғандай сұранысқа ие мамандықтар тізіміне болашақтың мамандықтарын, жаңа мамандықтарды енгізу аса қажет. Себебі жұмыссыз адамдарды алдағы бес жылда жоғары сұранысқа ие болатын жаңа, заман талабына сай мамандықтарға алдын ала оқытып, дайындау - уақыт талабы.

Жұмыспен қамту бойынша жағдайды жақсарту үшін қабылдануы қажет шараларға қатысты респондент: кәсіптік бағдар беру жұмысын жүйелі түрде жолға қою қажет. Адам өзі жеке кәсібін бастауға, жалданып жұмыс жасауға немесе сүйікті ісімен айналысуға дайын болуы үшін мектеп қабырғасынан бастап мамандықтар, мүмкіндіктер, оқыту орындары және т.б. туралы айта беру керек. Мектептерде, колледждерде және жоғарғы оқу орындарында «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» атты курстар жүргізілгені жөн. Осы кезде ғана жұмыспен қамту мәселесін шешуді жеңілдетуге болады деген ой білдірді.

Аталған ұсынысты жұмыссыздық мәселесімен күресу емес, керісінше қазіргі уақыттан бастап жұмыссыздықтың алдын алу жолы деп қарастырып, іс жүзінде жүзеге асырған дұрыс деп ойлаймын. Респондент мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру және оның тетіктері бойынша өз ойындағы ұсынысымен бөлісті. Ұсынысқа сәйкес әр облыстағы Жастар мен оқушылар сарайларында оның жұмысын тиімді әрі өскелең ұрпақ үшін пайдалы ұйымдастыру үшін Облыстық кәсіптік бағдар беру орталықтарын ашу қажет. Бұл орталықта психологтың, кәсіптік бағдар беру маманының кеңесін алуға, кәсіптік бағдар беру бойынша шаралар, түрлі шеберлік сағаттары мен кездесулер ұйымдастырып, өткізуге болады. Орталық жұмысын ұйымдастыру бойынша кесте жобасын респонденттің рұқсатымен төменде ұсынамын:

Кесте 6. БҚО Ақжайық ауданы бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқыту курстарынан өткен жұмысшы кадрларға арналған сауалнама жауаптары



**ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ОҚЫТУ КУРСТАРЫН ОҚЫП ШЫҚҚАН ЖҰМЫССЫЗДАРМЕН
ЖҮРГІЗІЛГЕН САУАЛНАМА**

Қысқа мерзімді кәсіптік оқыту курстарын ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсететін Оқу орталықтарының мамандарымен жүргізілген сұхбат алдын ала дайындалған, 9 сұрақты қамтитын сауалнама форматында телефон байланысы, электрондық поштаға жолдау арқылы 4 респондентпен жүргізілді.

Ақжайық ауданының ХЖҚ орталығының берген ақпаратына сәйкес орталық 7 оқу орталығымен ынтымақтастықта жұмыс жасайды екен, олардың 1 аудан орталығы Чапаев ауылында, 2-шісі Ақжайық ауданының Тайпақ ауылында, қалған 5-еуі Орал қаласында орналасқан. Аталған 7 оқу орталығының 4 маманымен сұхбаттасу мүмкін болды. Атап айтқанда, олар - Ақжайық аграрлық-технологиялық колледжі, «Орал-Андас» оқу орталығы, «ЮлАНИл» ЖШС, «Уральский центр обучения» ЖШС.

**Кесте 7. Бағдарлама бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқыту курстарында оқыту
қызметін көрсететін оқу орталықтарының мамандарына арналған сауалнама жауаптары**

Сауалнама өткізілген уақыты: 2019 жылдың қыркүйек – қазан айлары.

1-Респондент

Сауалнама: телефон байланысы арқылы өткізілді.

№	Сұрақтар	Респонденттер			
		1	2	3	4
1.	«Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасын» жүзеге асырудағы БҚО бойынша оқу орталықтарының, колледждердің рөлі мен міндеті?	Курсты аяқтағаннан кейін жұмысқа орналасып кетуі үшін бағдарлама қатысушыларына сапалы білім беру.	Курсты аяқтағаннан кейін жұмысқа орналасып кетуі үшін бағдарлама қатысушыларына сапалы білім беру.	Курсты аяқтағаннан кейін жұмысқа орналасып кетуі үшін бағдарлама қатысушыларына сапалы білім беру.	Курсты аяқтағаннан кейін жұмысқа орналасып кетуі үшін бағдарлама қатысушыларына сапалы білім беру.
2.	Қанша уақыттан бері «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған бағдарламасының» қатысушысы болып табыласыз?	2017 жылдан бастап.	2017 жылдан бастап.	2017 жылдан бастап.	2017 жылдан бастап.

№7 (1-Респондент) кестенің жалғасы келесі бетте:

№	Сұрақтар	Респонденттер			
		1	2	3	4
3.	2017, 2018 жылдар ішінде Ақжайық ауданы бойынша қысқа мерзімді курстар бойынша қанша адам оқыттыңыздар? Мамандықтарын (санымен) бөліп көрсетуіңізге болады. Егер мүмкін болса.	2017-2018 жылдары барлығы 160 қатысушыны аспаз, электргазбен дәнекерлеуші, жануарларды ветеринарлық өңдеуші оператор мамандықтары бойынша оқытып шыққан.	2017 жылы 39, 2018 жылы 24 қатысушыны іс жүргізуші, 1С Бухгалтерия, оператор-бағдарламашы мамандықтары бойынша оқытып шыққан.	2017 жылы 28, 2018 жылы 14 қатысушыны газ қондырғысының операторы, тәрбиешінің көмекшісі, классикалық массаж мамандықтары бойынша оқытып шыққан.	2017 жылы – қатыспаған. 2018 жылы – 20 қатысушыны шаштараз мамандығына оқытып шыққан.
4.	Сізде Ақжайық ауданы бойынша курстарды оқып шыққандардың жұмысқа орналасуы туралы ақпарат бар ма? Егер болған жағдайда алу мүмкіндігі бар ма?	Мұндай ақпарат жоқ.	Жұмысқа орналасу 73%.	2018 жылы тәрбиешінің көмекшісі мамандығы бойынша 3 қатысушы, классикалық массаж мамандығы бойынша 2 қатысушы жұмысқа орналасқан.	Әзірге жоқ.
5.	Қазіргі уақыттағы курстарды оқып шыққандардың жұмысқа орналасуы бойынша қалыптасқан жағдай туралы?	Ақпарат жоқ.	Жұмысқа орналасу 73%.	Ақпарат жоқ.	Жұмысқа орналасу 60%.
6.	Сіздің ойыңызша жұмыспен қамту бойынша ахуалды жақсарту үшін қандай шаралар қабылдау қажет?	Өндірістік машықтану үшін өндіріс ошақтары жоқтың қасы, сондықтан жаңа жұмыс орындарын ашу, соның ішінде өндірістік жұмыс орындарын ашу қажет.	Жұмыспен қамту орталықтары кәсіпорындар, фирмалар, жеке кәсіпкерлермен кадрға сұраныс бойынша күнделікті жұмыс жүргізуі керек. Сұранысты анықтағаннан кейін ғана қатысушыларды оқу орталықтарына жолдау қажет. Курсты аяқтаған соң қатысушыларды қажетті мамандыққа сұраныс түскен орынға жұмысқа жолдаулары қажет.	Ақпарат жоқ.	Жұмыссыздық әлеуметтік мәселе болған соң бизнес-қауымдастық та жұмыспен қамтуға араласуы қажет.

№	Сұрақтар	Респонденттер			
		1	2	3	4
7.	Курстарды аяқтағаннан кейін жұмыспен қамту бойынша мемлекет тарапынан қандай қолдау немесе қызмет түрлері бар?	Жеке кәсіп ашу, жеңілдетілген шартпен шағын несие беру.	Жауап беруге қиналады.	Ақпарат жоқ.	Жеке кәсіп ашу үшін гранттар бөлінеді.
8.	«Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасының» артықшылықтары мен кемшіліктері?	Артықшылығы - жұмыссыз жастар мемлекет тарапынан қолдау көреді.	Артықшылығы – қысқа мерзімді курстар арқылы мамандық алу мүмкіндігі беріледі. Кемшілігі – жұмыспен қамту мәселесі өзекті. Бүгінгі таңда еңбек нарығында қандай мамандықтарға сұраныс жоғары екенін жан-жақты, егжей-тегжейлі зерттеу қажет.		Ақысыз мамандық алу мүмкіндігі берілген.
9.	Аталған бағдарлама бойынша ұсыныстарыңыз бен ескертулеріңіз?	Бағдарлама бойынша мобильді топтардың жұмысын жолға қою, қатысушылардың сабаққа қатысуына бақылауды күшейту.	Бағдарламаға қатысушылар оқу орталықтарына болашақ жұмысында қолданатын білімді алуға және оқуға ниет жасап келуі керек. Ол үшін жұмыспен қамту орталықтары мамандық таңдамас бұрын кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізіп, бағдарламаның мақсатын түсіндіріп, мамандық таңдауға көмектесулері қажет.	Ақпарат жоқ.	Ұсыныс жоқ.

Жоғарыда келтірілген мамандардың жауабын зерделей отырып, «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасын» жүзеге асырудағы БҚО бойынша оқу орталықтарының, колледждердің рөлі мен міндеті сауалына барлық респонденттер бірауыздан курсты аяқтағаннан кейін жұмысқа орналасып кетуі үшін бағдарлама қатысушыларына сапалы білім беру деген жауап берген. 2 респондент 2017 жылдан, 1 респондент 2016 жылдан, 1 респондент 2018 жылдан бастап бағдарлама қатысушысы болып табылады.

2017, 2018 жылдар ішінде Ақжайық ауданы бойынша қысқа мерзімді курстар бойынша;

- Ақжайық аграрлық-технологиялық колледжі - 2017-2018 жылдары барлығы аспаз, электргазбен дәнекерлеуші, жануарларды ветеринарлық өңдеуші оператор мамандықтары бойынша 160 қатысушыны;
- «Орал-Андас» оқу орталығы - іс жүргізуші, 1С Бухгалтерия, оператор-бағдарламашы мамандықтары

бойынша 2017 жылы 39, 2018 жылы 24 қатысушыны;

- «ЮлАНИЛ» ЖШС - газ қондырғысының операторы, тәрбиешінің көмекшісі, классикалық массаж мамандықтары бойынша 2017 жылы 28, 2018 жылы 14 қатысушыны;
- «Уральский центр обучения» ЖШС 2017 жылы – қатыспаған, 2018 жылы шаштараз мамандығы бойынша 20 қатысушыны оқытып шығарған.

Ақжайық ауданы бойынша курстарды оқып шыққандардың жұмысқа орналасуы туралы ақпарат жайында:

- бір оқу орталығы пайыздық қатынаста жұмысқа орналасу 73% деп жауап берсе;
- бір оқу орталығы 2018 жылы тәрбиешінің көмекшісі мамандығы бойынша 3 қатысушы, классикалық массаж мамандығы бойынша 2 қатысушы жұмысқа орналасқаны туралы ақпарат берген;
- 2 оқу орталығы мұндай ақпарат жоқтығы туралы жауап берген.

Қазіргі уақыттағы курстарды оқып шыққандардың жұмысқа орналасуы бойынша жалпы қалыптасқан жағдай туралы:

- 2 респондент ақпарат жоқ деп жауап берсе;
- 1 респондент жұмысқа орналасу 73%;
- 1 респондент жұмысқа орналасу 60% деген жауап берген.

Жұмыспен қамту бойынша ахуалды жақсарту үшін қандай шаралар қабылдау қажеттілігіне қатысты:

- 1 респондент (аудан орталығында орналасқан) өндірістік машықтану үшін өндіріс ошақтары жоқтың қасы, сондықтан жаңа жұмыс орындарын ашу, соның ішінде өндірістік жұмыс орындарын ашу қажет;
- 1 респондент жұмыспен қамту орталықтары кәсіпорындар, фирмалар, жеке кәсікерлермен кадрға сұраныс бойынша күнделікті жұмыс жүргізуі керек. Сұранысты анықтағаннан кейін ғана қатысушыларды оқу орталықтарына жолдау қажет. Курсты аяқтаған соң қатысушыларды қажетті мамандыққа сұраныс түскен орынға жұмысқа жолдаулары қажет;
- 1 респондент жұмыссыздық әлеуметтік мәселе болған соң, бизнес-қауымдастық та жұмыспен қамтуға араласуы қажет деген ой-пікірлерімен бөліскен;
- 1 респондент жауап бермеген.

Курстарды аяқтағаннан кейін жұмыспен қамту бойынша мемлекет тарапынан қандай қолдау немесе қызмет түрлері бар:

- 1 респондент жеке кәсіп ашу, жеңілдетілген шартпен шағын несие беру;
- 1 респондент жеке кәсіп ашу үшін гранттар бөлінетіні туралы айтса;
- 2 респондент жауап бере алмаған.

Мемлекеттік бағдарламаның артықшылықтары мен кемшіліктеріне келетін болсақ, респонденттердің пікірінше:

- 1 респондент : артықшылығы - жұмыссыз жастар мемлекет тарапынан қолдау көреді;
- 1 респондент: артықшылығы – қысқа мерзімді курстар арқылы мамандық алу мүмкіндігі беріледі;
- 1 респондент: артықшылығы - Ақысыз мамандық алу мүмкіндігі беріледі;

- 1-еуі жауап бермеген.
- 1 респондент қана кемшілігін көрсеткен, ол – жұмыспен қамту мәселесі өзекті. Бүгінгі таңда еңбек нарығында қандай мамандықтарға сұраныс жоғары екенін жан-жақты, егжей-тегжейлі зерттеу қажет.

Оқу орталықтары мамандарының аталған бағдарлама бойынша ұсыныстарыңыз бен ескертулеріңіз:

- 1 респондент (аудан орталығында орналасқан) бағдарлама бойынша мобильді топтардың жұмысын жолға қоюды, қатысушылардың сабаққа қатысуына бақылауды күшейтуді;
- 1 респондент бағдарламаға қатысушылар оқу орталықтарына болашақ жұмысында қолданатын білімді алуға және оқуға ниет жасап келуі керек. Ол үшін жұмыспен қамту орталықтары мамандық таңдамас бұрын кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізіп, бағдарламаның мақсатын түсіндіруі, мамандық таңдауға көмектесулері қажет деген ұсыныстарын білдірген.
- 2 респонденттің ұсыныстары мен ескертулері жоқ.

Сауалнамаға қатысқан оқу орталықтарының барлығы да Тізілімге енгізілген, бірнеше жылдан бағдарлама қатысушы болып табылады, оқу орталықтарының рөлі мен міндеті сауалына барлық респонденттер бірауыздан курсты аяқтағаннан кейін жұмысқа орналасып кетуі үшін бағдарлама қатысушыларына сапалы білім беру деген жауабының негізінде оқу орталықтарының қатысушылардың жұмыспен қамтылуына жоғары мүдделі екенін білуге болады. ХЖҚ орталықтарының бағыттауы бойынша нарықтағы сұранысқа сәйкес кәсіби мамандар дайындауда, Ақжайық аудандық ХЖҚ орталығымен бірлестікте қысқа мерзімді курстарды ұйымдастырып, жұмыссыздарды оқыту бойынша қызмет көрсетеді. Бағдарлама қатысушыларында курстан өту нәтижесінде осы оқу орталықтары жайында оң пікір қалыптасқан, оқыту үдерісі мен тәжірибенің ұйымдастырылуына «жақсы» және «өте жақсы» деген баға берілді. Аталған оқу орталықтарынан мамандық алған қатысушылардың жұмысқа орналасу деңгейін екеуі пайыздық көрсеткішпен көрсетсе, 2 оқу орталығы жұмысқа орналасу туралы ақпарат бермеген. Курстарды аяқтағаннан кейін жұмыспен қамту бойынша мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау не қызмет түрлері туралы да 2 оқу орталығы жауап бере алмаған. Мемлекеттік бағдарламаның артықшылықтары туралы 3 респондент жауап берсе, кемшіліктері туралы 1 респондент қана жауап берген.

5.3. Оқыту орталықтарының ұсыныстары:

- Оқуға жібермес бұрын еңбек нарығында қандай мамандық сұранысқа ие екеніне егжей-тегжейлі зерттеу жүргізу қажет.
- Халықты жұмыспен қамту орталықтары оқуға жолдамас бұрын кәсіби бағдар беру жұмысын жолға қоюы қажет. Бағдарлама мақсатын түсіндіру, мамандық таңдауда көмектесу қажет.
- Оқып шыққан соң мамандық бойынша сұраныс түскен орынға жұмысқа жолдау қажет немесе жеке кәсіп ашу, жеңілдікпен шағын несие беруді қарастыру қажет.
- Ауылдық жерлерде жұмыс орындарын ашу қажет.

6. ҚОРЫТЫНДЫ МЕН ҰСЫНЫСТАР.

БҚО Ақжайық ауданында «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасын» (әрі қарай - Бағдарлама) жүзеге асыру саласындағы ағымдағы жағдайды, осы саланы реттейтін заң актілері мен нормативтерді, бағдарламаларды зерделеу нәтижесінде, бағдарламаны пайдаланушылар (курсты оқып шыққан оқушылар), бағдарламаны орындаушылар (оқыту орталықтары) мен мамандармен жүргізілген сұхбат, сауалнамалардан анықталып, белгілі болған жағдайларды негізге ала отырып, Бағдарламаның жүзеге асырылуы, атап айтқанда *жұмыссыздық деңгейін төмендету жағынан және ақпаратқа қолжетімділік жағынан төмен деңгейде деген қорытынды жасауға болады.* Қысқа мерзімді кәсіптік оқыту курстарын аяқтаған жұмыссыз адамдар:

- *мамандық алып шыққаннан кейін жұмысқа орналаса алмайды;*
- *жұмыспен қамтылған күнде де алған мамандығы бойынша емес өзге мамандық бойынша орналасады;*
- *жұмыспен қамтуда тұрақтылыққа кепілдік жоқ.*

Жоғарыда анықталған проблемалардың себептері:

- *Қысқа мерзімді кәсіптік оқыту курстарына бөлінген қаржының жұмсалуды тиімсіз;*
- *Жұмыссыздарды кәсіптік оқытуға жолдау кезінде еңбек нарығына алдын-ала талдау жүргізу қарастырылмаған;*
- *Ауылдық округ пен кәсіпорындар ұсынған тізім арқылы мамандықтарға оқыту жұмыс жасамайды: Қысқа мерзімді кәсіптік оқыту курстарын оқып шыққан бағдарламаны пайдаланушылардың әрі қарай міндетті жұмысқа орналасуы реттелмеген;*
- *Оларға еңбек нарығында өздерін тауып жұмысқа орналасуы үшін жағдай жасалмаған, қолдау көрсетілмейді. Қысқа мерзімді кәсіптік оқыту курстарын оқып шыққан бағдарламаны пайдаланушылардың еңбек нарығында еркін жұмыс табуы үшін сауаттылық деңгейінің төмендігі;*

Сол үшін құқықтық, ақпараттық қолдау қажет. *Халықты жұмыспен қамту орталығының жұмыссыздарды қысқа мерзімді кәсіптік оқыту курстарына жолдағаннан кейін әрі қарай мақсатты жұмыспен қамтылуына мүдделі болмауы.* Мүмкін бағдарлама арқылы бөлінетін қаржының бір бөлігін мамандарды ынталандыруға немесе орталықты ынталандыруға бағыттау қажет шығар.

- Бұл салада ақпаратқа қолжетімділік жағынан ашықтықтың болмауы.

ҰСЫНЫСТАР:

Жұмыссыздар оқуды аяқтағаннан кейін әрі қарай еңбек нарығында мамандығы бойынша тұрақты жұмысты еркін табуы үшін Бағдарламаны жүзеге асыру үшін бюджеттен бөлінетін қаржының белгілі бір бөлігін:

- *Халықты жұмыспен қамту орталықтарында қысқа мерзімді курста оқып, мамандық алған бағдарлама қатысушыларына мақсатты қолдау көрсету (ақпараттық, құқықтық, ресурстық) қызметін ұйымдастыруға бағыттау;*

- Халықты жұмыспен қамту орталықтары кәсіпорындармен қысқа мерзімді курста оқып, мамандық алған бағдарлама қатысушыларының әрі қарай тұрақты жұмыспен қамтылу перспективасымен 3 (5) айлық ақылы тағылымдамадан өтуге келісім жасауға бағыттау;
- Халықты жұмыспен қамту орталықтары немесе жауапты мамандарды қысқа мерзімді кәсіптік оқыту бағдарламасына қатысушыларды мамандығы бойынша тұрақты жұмыспен қамтығаны үшін ынталандыру мақсатында бонустық жүйемен жұмыс жасау тетігін жүзеге асыруға үшін бағыттау;
- Заман талабына сай мамандық
- Жұмыссыздарды кәсіптік оқытуға жолдамас бұрын еңбек нарығына алдын-ала егжей-тегжейлі талдау жүргізу және талдау қорытындысы бойынша заман талабына сай болашақ мамандықтары тізімін жасақтау, мысалы: маркетинг зерттеушісі; дизайнер, smm маманы; веб-дизайнер; копирайтер, блогер, онлайн-гид, талдаушы, 3Dжобалаушы, фейс-фитнесс бойынша жаттықтырушы, интернет-жарнамалаушы (таргетолог)
- Жұмыссыздық мәселесінің алдын-алу мақсатында өңірлердегі оқушылар сарайларының жұмысын тиімді әрі өскелең ұрпаққа пайдалы ұйымдастыру үшін «Облыстық кәсіптік бағдар беру орталықтары» ашуға бағыттау. (Орталық қызметінің аясында психологтың, кәсіптік бағдар беру маманының кеңесін алуға, кәсіптік бағдар беру бойынша шаралар, түрлі шеберлік сағаттары мен кездесулер ұйымдастырып, өткізуге болады). Ескерту: осы ұсыныс «Атамекен» ҰКП маманының ұсынысы негізінде әзірленді.

